

2018-2020 жылдарға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 қаңтарда № 4511 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1, 75-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6 бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШТІ :

1. 2018-2020 жылдарға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 22594,5 мың теңге:

салықтық түсімдер - 4130 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 767 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 17697,5 мың теңге;

2) шығындар - 22594,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 29.11.2018 № 26-4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Ауылдық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) ауылдық округтің аумағында тіркелген жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын кірістері бойынша жеке табыс салығы;

2) мүлкі ауылдық округтің аумағында орналасқан жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

3) жер учаскесі ауылда орналасқан жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

4) ауылда тіркелген жеке және заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

ауылдық округінің аумағы арқылы өтетін республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

ауылдық округінің аумағы арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

ауылдағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру үшін төлемақы.

3. Ауылдық округ бюджетіне кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдердер арқылы қалыптасқаны есепке алынсын.

5. Аудандық бюджетінен ауылдық округінің бюджетіне табысталған бюджеттік жәрдемқарды сомасы 16341 мың теңге белгіленсін.

5-1. 2018 жылға ауылдық округі бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 1356,5 мың теңге сомада ескерілсін.

Ескерту. Шешім 5-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 26.09.2018 № 24-3 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 29.11.2018 № 26-4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының XVII

сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

А. Өтебаев

С. Мұқанов

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №
17-3 шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 29.11.2018 № 26-4 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	22594,5
1			Салықтық түсімдер	4 130
	01		Табыс салығы	457
		2	Жеке табыс салығы	457
	04		Меншікке салынатын салықтар	3673
		1	Мүлікке салынатын салықтар	13
		3	Жер салығы	524
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3108
2			Салықтық емес түсімдер	767
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	17697,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	17697,5

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	17697,5
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2) Шығындар	22594,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13063,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13063,9
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12989,5
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	74,4
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	2034,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2034,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1034,1
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1000
12			Көлік және коммуникация	4189,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4189,8
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	4189,8
13			Басқалар	3306,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3306,7
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3306,7
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №
17-3 шешіміне 2 қосымша

2019 жылға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Сомасы, мың теңге
				1. Кірістер	14 839
1				Салық түсімдері	4 419
	01			Табыс салығы	938
		2		Жеке табыс салығы	938
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	938
	04			Жекеменшік салықтар	3 481
		1		Мүлік салығы	14
			02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	14
		3		Жер салығы	561
			02	Елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы	561
		4		Көлік салығы	2 906
			01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	508
			02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	2 398
4				Трансферттердің түсімдері	10 420
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10 420
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	10 420
			03	Субвенциялар	10 420

Кестенің жалғасы

				Бағдарлама Атауы	Сомасы, ,
--	--	--	--	------------------	--------------

Функционалдык топ	Функционалдык ішкітоп	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі		мың тенге
			2.Шығындар	1 4 839
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 1 565
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын атқаратын өкілдік, атқарушы және өзге де органдар	1 1 565
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 1 565
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 1 565
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	2 066
	3		Елді мекендерді абаттандыру	2 066
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 066
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 016
			010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	50
			011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 000
13			Басқа	1 208
	9		Басқа	1 208
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 208
			040 Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 208
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	0

				Түскен қарыздар	0
				Ішкі мемлекеттік қарыздар	0
				Қарыз алу келісім-шарттары	0
				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
				Бюджет қаражатының қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №
17-3 шешіміне 3 қосымша

2020 жылға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Сума, мың тенге
				1. Кірістер	15 202
1				Салық түсімдері	4 728
	01			Табыс салығы	1 004
		2		Жеке табыс салығы	1 004
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	1 004
	04			Жекеменшік салықтар	3 724
		1		Мүлік салығы	15
			02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	15
		3		Жер салығы	600
			02	Елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы	600
		4		Көлік салығы	3 109
			01	Занды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	543
			02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	2 566
4				Трансферттердің түсімдері	10 474
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10 474
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	10 474
			03	Субвенциялар	10 474

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ	Функционалдық ішкі топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума, мың тенге
				2. Шығындар	1 5 202
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 2 327

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын атқаратын өкілдік, атқарушы және өзге де органдар	1 2327
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 2327
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 2327
07				Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	1 594
	3			Елді мекендерді абаттандыру	1 594
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 594
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 087
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	50
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	457
13				Басқа	1 281
	9			Басқа	1 281
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 281
			040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 281
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	0
				Түскен қарыздар	0
				Ішкі мемлекеттік қарыздар	0
				Қарыз алу келісім-шарттары	0
				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
				Бюджет қаражатының қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК